

“2020 – 2022 жылдарға арналған Таң ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №51-14 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 59-8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 маусымда № 7544 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Таң ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-14 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7143 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2020 жылғы 18 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Таң ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 162 210 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 2717 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 105 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
 - трансферттер түсімдері – 159 388 мың теңге;
- 2) шығындар – 162 210 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
 - бюджеттік кредиттер – 0;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

қарыздар түсімі – 0;
 қарыздарды өтеу – 0;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының 59-сессиясының төрағасы *М. Кулболдиев*
 Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы *М. Еспанов*

Жалағаш аудандық мәслихатының
 2020 жылғы 24 маусымы
 № 59-8 шешіміне қосымша
 Жалағаш аудандық мәслихатының
 2019 жылғы 27 желтоқсандағы
 № 51-14 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Таң ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		Кірістер	162 210
1		Салықтық түсімдер	2717
	01	Табыс салығы	196
	2	Жеке табыс салығы	196
	04	Меншікке салынатын салықтар	2521
	1	Мүлікке салынатын салықтар	14
	3	Жер салығы	66
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	2441
2		Салықтық емес түсімдер	105
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	105
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	105
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	159 388
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	159388
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	159388
Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			

		Атауы	
		Шығындар	162 210
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	24 580
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	24580
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24180
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
05		Денсаулық сақтау	44
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44
	002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	44
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 748
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2748
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2748
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	101 961
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	101961
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	651
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	296
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	101014
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	21 327
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21327
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	21327
13		Басқалар	8 500
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8500
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	8500
15		Трансферттер	3050
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3050
	051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	3050
		Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0